

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІ ЖАСӨСПІРІМДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚОЛДАУДЫҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жумабаева Рита Сапиевна

7М01101-Педагогика және психология білім бағдарламасының ІІ курс
магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері қарастырылып, олардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіндегі негізгі қиындықтар талданады. Сонымен қатар, аталған санаттағы жасөспірімдерді қолдауға бағытталған кешенді психологиялық бағдарлама ұсынылады. Бағдарлама диагностикалық, түзету-дамыту және әлеуметтік бейімдеу бағыттарын қамтып, жасөспірімдердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға және қоғамға тиімді кірігуіне ықпал етеді.

Кілт сөздер. Балалар үйі, жасөспірім, психологиялық ерекшеліктер, психологиялық қолдау, әлеуметтік бейімделу, тұлғалық даму, кешенді бағдарлама, түзету жұмысы, эмоционалдық тұрақтылық

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық жағдайына ерекше назар аударуды талап етеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұлғалық дамуы, эмоционалдық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуі күрделі үдеріс болып табылады. Мұндай жасөспірімдерде сенімсіздік, жалғыздық сезімі, агрессия немесе тұйықтық сияқты психологиялық ерекшеліктер жиі кездеседі.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің өмірлік тәжірибесінің шектеулі болуы олардың болашақта қоғамға толыққанды бейімделуіне кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты олардың психологиялық дамуын қолдауға бағытталған кешенді бағдарламаларды әзірлеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды қолдаудың тиімді кешенді бағдарламасын ұсыну.

Балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктері олардың әлеуметтік жағдайымен, отбасылық қолдаудың болмауымен және эмоционалдық депривациямен тығыз байланысты. Осындай күрделі әлеуметтік-психологиялық жағдайда өсіп келе жатқан жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында кешенді психологиялық қолдау бағдарламасын әзірлеу маңызды ғылыми-практикалық міндет ретінде қарастырылады.

Кешенді психологиялық қолдау ұғымы тұлғаның эмоционалдық, когнитивтік, мінез-құлықтық және әлеуметтік салаларын біртұтас жүйе ретінде қамтитын, психологиялық қиындықтарды алдын алу мен түзетуге бағытталған кәсіби ықпалдар жиынтығы ретінде

сипатталады. Аталған қолдау түрі жасөспірімдердің ішкі ресурстарын белсендіруді, өзін-өзі тануын және әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз етуге бағдарланады.

Балалар үй жағдайында тәрбиеленуші жасөспірімдер психологиялық қолдауға ерекше мұқтаж әлеуметтік топ болып саналады. Ата-ана қамқорлығынан айырылу, тұрақты эмоционалдық байланыстың болмауы, сенімсіздік пен

мазасыздық сезімдерінің басымдығы олардың психоэмоционалдық дамуына теріс әсер етеді. Осындай факторлар жасөспірімдердің өз-өзіне сенімдігіне, агрессивті немесе тұйық мінез-құлықтық қалыптасуына, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларының жеткіліксіз дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан, психологиялық қолдау бағдарламасы аталған қиындықтарды жүйелі түрде жеңуге бағытталуы тиіс.

Бағдарламаны әзірлеу барысында жас ерекшелік психологиясының негізгі қағидалары басшылыққа алынды. Жасөспірімдік кезең тұлғалық өзіндік сананың қалыптасуымен, эмоциялық тұрақсыздықпен және әлеуметтік рөлдерді меңгерумен сипатталатындықтан, психологиялық ықпалдар осы даму кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес құрылды. Сонымен қатар, даму психологиясының теориялық тұжырымдамалары негізінде жасөспірімдердің психикалық дамуының динамикасы ескеріліп, қолдау шаралары біртіндеп күрделендіріліп отырды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескеру олардың эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға, тұлғалық әлеуетін дамытуға және әлеуметтік ортаға табысты бейімделуін қамтамасыз етуге жағдай жасау болып табылады. Аталған мақсат жасөспірімдердің өзін-өзі қабылдауын қалыптастыруға, ішкі психологиялық ресурстарын жандандыруға және өмірлік қиындықтарға төзімділігін арттыруға бағытталған.

Бағдарламаның мақсатын жүзеге асыру төмендегідей өзара сабақтас міндеттер арқылы қамтамасыз етіледі:

- Жасөспірімдердің эмоционалдық күйзеліс деңгейін төмендету және психоэмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру;
- Өзін-өзі бағалаудың адекватты деңгейін дамыту, жеке мүмкіндіктеріне сенім қалыптастыру;
- Қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру, әлеуметтік өзара әрекеттесу мәдениетін дамыту;
- Агрессивті мінез-құлық көріністерін, мазасыздық пен тұйықтық деңгейін азайту;
- Әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін кеңейту және топ ішінде жағымды қарым- қатынас орнатуға ықпал ету.

Аталған міндеттер жасөспірімдердің тұлғалық дамуын қолдауға және балалар үйі жағдайында психологиялық жайлылықты арттыруға бағытталған кешенді ықпал ету жүйесін құрайды.

Бағдарламаны іске асыру барысында бірқатар негізгі қағидаттар басшылыққа алынды. Тұлғалық-бағдарланған қағидат жасөспірімнің дара психологиялық ерекшеліктерін,

қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге негізделді. Әрбір тәрбиеленуші жеке тұлға ретінде қабылданып, оның ішкі әлеуетін ашуға жағдай жасалды.

Жас ерекшелігін ескеру қағидаты жасөспірімдік кезеңге тән эмоциялық тұрақсыздықты, өзіндік сананың қалыптасуын және әлеуметтік рөлдерді меңгеру үдерісін назарда ұстауды көздейді.

Жүйелілік пен кешенділік қағидаты психологиялық қолдаудың бірізді, өзара байланысқан шаралар жүйесі ретінде ұйымдастырылуын қамтамасыз етті. Диагностика, түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстар біртұтас құрылымда жүзеге асырылды.

Қауіпсіз психологиялық орта құру қағидаты жасөспірімдердің өз ойын еркін білдіруіне, эмоцияларын ашық көрсетуіне мүмкіндік беретін сенімді атмосфера қалыптастыруды көздейді. Қолжетімділік пен үздіксіздік қағидаты бағдарламаның балалар үйінің күнделікті тәрбиелік үдерісіне үйлесімді енгізілуін және жүйелі түрде жүргізілуін қамтамасыз етуге бағытталды.

Балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін қолдауға арналған кешенді бағдарлама диагностикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып құралды. Бағдарлама мазмұны жасөспірімдердің эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуындағы өзекті мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталды. Психологиялық ықпал ету жұмыстары түзету-дамыту, кеңес беру және профилактикалық бағыттарды өзара бірлікті қамтыды.

Бағдарлама балалар үйі жағдайында жүзеге асырылуға бейімделіп, тәрбиелік үдерістің ерекшеліктерін ескере отырып жоспарланды. Психологиялық жұмыстар жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне, эмоционалдық күйіне және әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес ұйымдастырылды.

Кешенді психологиялық қолдау бағдарламасының ұзақтығы 4 айға құрады. Психологиялық сабақтар аптасына 2 рет, әр сабақтың ұзақтығы 60 минут көлемінде ұйымдастырылды. Бағдарлама жалпы алғанда 32 сабақтан тұрды.

Сабақтар топтық және жеке формада жүргізіліп, жасөспірімдердің психологиялық қауіпсіздігін, белсенді қатысуын және рефлексия жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Бағдарлама мазмұны төмендегідей негізгі бағыттар бойынша жүйеленді:

- Түзету-дамыту бағыты;
- Профилактикалық бағыты;
- Кеңес беру бағыты.

Аталған бағыттар өзара логикалық байланыста құрылып, жасөспірімдердің психологиялық дамуына кешенді ықпал етуді көздеді.

Бағдарламаның толық құрылымдалуы мен сабақтардың логикалық сабақтастығы балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психоэмоционалдық жай-күйін жақсартуға, тұлғалық ресурстарын дамытуға және әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстауына жағдай жасайды. Төменде кейбір маңызды деген сабақтарға кеңірек тоқталдық.

«Мен кіммін?» түзету-дамыту сабағының мазмұны

Сабақ балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің өзіндік санасын қалыптастыруға және тұлғалық рефлексия үдерісін дамытуға бағытталды. Сабақ мазмұны жасөспірімдердің өз болмысын тануына, жеке ерекшеліктерін ұғынуға және тұлға ретінде қабылдауына психологиялық жағдай жасауға негізделді.

Балалар үйі жағдайында тәрбиеленуші жасөспірімдер көбінесе өзіндік сәйкестік мәселесін бастан өткереді. Өмірлік тәжірибенің күрделілігі, ата-аналық қолдаудың болмауы, әлеуметтік ортадағы тұрақсыздық олардың өз «Менін» анықтауына кедергі келтіреді. Осыған байланысты сабақ барысында жасөспірімдердің ішкі әлеміне үңілуіне, өзіндік сипаттамаларын айқындауына және тұлғалық құндылықтарын сезінуіне басымдық берілді.

Сабақтың негізгі мақсаты жасөспірімдердің өзін-өзі тану деңгейін арттыру, жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерін саналы түрде қабылдауына ықпал ету болып табылады. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін өзіндік рефлексияны дамыту, эмоциялық өзін-өзі түсінуге жағдай жасау және тұлғалық ерекшеліктерді вербализациялау міндеттері көзделді.

Сабақтың кіріспе бөлімінде топ мүшелері арасында сенімді әрі еркін атмосфера қалыптастыруға бағытталған қысқаша психологиялық жаттығулар жүргізілді. Қатысушылардың эмоционалдық күйі назарға алынып, әрбір жасөспірімнің пікірін құрметтеу қағидаты басшылыққа алынды. Біз сабақтың тақырыбы мен маңызын түсіндіре отырып, өзін танудың тұлғалық дамудағы рөліне назар аудардық.

Негізгі бөлімде рефлексиялық және арт-терапиялық әдістер кеңінен қолданылды. Жасөспірімдерге «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап беруді ұсыну арқылы олардың өз болмысын сөзбен және бейнелеу арқылы сипаттауына мүмкіндік

жасалды. Қатысушылар қағаз бетіне өздерін сипаттайтын сөздерді, ұғымдарды немесе бейнелерді орналастырып, ішкі күйін символдық түрде бейнеледі. Арт-терапиялық жұмыс барысында жасөспірімдердің өзіндік қабылдауы, ішкі сезімдері мен тұлғалық ерекшеліктері көрініс тапты.

Жаттығу аяқталғаннан кейін әрбір қатысушы өз жұмысын таныстырып, өзін қалай қабылдайтыны, қандай қасиеттерін маңызды санайтыны туралы ойларымен бөлісті. Біз жасөспірімдердің өзіндік сипаттамаларын мұқият тыңдап, қолдау білдіріп отырдық. Қатысушылардың өзара пікір алмасуы топ ішінде қабылдау мен түсініктікті арттырып, өзін ашық білдіруге жағдай жасады.

Сабақ барысында жасөспірімдердің көпшілігі өз бойындағы жағымды қасиеттерді алғаш рет саналы түрде атап өткенін, ал кейбір қатысушылар өзін сипаттауда бастапқыда қиындық сезінгенін білдірді. Осындай сәттерде психологиялық қолдау көрсету арқылы олардың өз-өзіне деген сенімін нығайтуға басымдық берілді. Жаттығулар жасөспірімдердің өзін тек әлеуметтік мәртебе немесе сыртқы жағдай арқылы емес, тұлғалық қасиеттері мен ішкі құндылықтары тұрғысынан қабылдауына ықпал етті.

Қорытынды бөлімде рефлексия жүргізіліп, қатысушылар сабақтан алған әсерлерімен бөлісті. Жасөспірімдер өздерін тереңірек тани бастағанын, ойларын ашық айтуға мүмкіндік алғанын және топ ішінде қолдау сезінгенін атап өтті. Біз әрбір қатысушының белсенділігі мен шынайылығын бағалап, өзін-өзі тану үдерісінің ұзақ әрі маңызды жол екеніне назар аудардық.

Аталған түзету-дамыту сабағы жасөспірімдердің өзіндік санасын қалыптастыруға, өзін тұлға ретінде қабылдауына және ішкі ресурстарын сезінуіне оң ықпал етті. Сабақ мазмұны кейінгі психологиялық жұмыстарға негіз болып, жасөспірімдердің тұлғалық дамуына бағытталған кешенді бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады.

Қорыта келе, бағдарлама 4 ай көлемінде жүйелі түрде жүзеге асырылып, сабақтардың логикалық сабақтастығы мен әдістердің алуын түрлілігі жасөспірімдердің психоэмоционалдық жағдайына оң ықпал етті. Тренингтер, арт-терапиялық әдістер, психогимнастикалық жаттығулар мен ситуациялық талдау жасөспірімдердің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, рефлексия жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасады.

Жалпы алғанда, әзірленген кешенді психологиялық қолдау бағдарламасы балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тұлғалық дамуын қолдауға, эмоционалдық әл-ауқатын нығайтуға және әлеуметтік ортада өзін сезімді сезінуіне бағытталған тиімді психологиялық құрал ретінде сипатталады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сарыбаева И. С., Балмағанбет Б. Ж. Балалар үйі түлектерінің әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешудегі сүйемелдеу жүйесі //ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2018. – Т. 64. – №. 1. – С. 124-131.

2. Иргалиев А. С. Отбасын алмастыратын мекемелердің тәрбиеленушілерін нәтижелі әлеуметтендірудің әлеуметтік-педагогикалық бағыттары //ЛН Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – Т. 144. – №. 3. – С. 127-139.

3. Нартаева М.А., Шеденова Н.У. Балалар үйінде тәрбиеленген жасөспірімдердің әлеуметтік ерекшеліктері //ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2014. – Т. 49. – №. 2.

4. Maree J. G. The psychosocial development theory of Erik Erikson: critical overview //The influence of theorists and pioneers on early childhood education. – 2022. – С. 119-133.

5. Pakpahan F. H., Saragih M. Theory of cognitive development by Jean Piaget //Journal of Applied Linguistics. – 2022. – T. 2. – №. 1. – C. 55-60.
6. Fasteland M. Reading the Antimodern Way: G. Stanley Hall's Adolescence and Imperialist Reading for White American Boys //The Journal of the History of Childhood and Youth. – 2019. – T. 12. – №. 1. – C. 7-25.